

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «20» шілде

«БЖЗК» АҚ Басқарма төрайымының Қарағанды облысына іссапары

«БЖЗК» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбүбі Наурызбаеваның республика өңірлеріне іссапары жалғасуда. 2017 жылдың 20 шілдесінде Қарағанды қаласында Нұрбүбі Наурызбаева Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановпен кездесті.

Кездесу барысында жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жай-күйі және оның облыс тұрғындарын қамту деңгейі талқыланды. Сонымен қатар кездесуде мынадай мәліметтер жария етілді.

Ресми деректерге сәйкес, қазіргі таңда Қарағанды облысы халқының саны шамамен 1,4 млн адамды құрайды. Олардың ішінде 690,6 мың адам (*50 пайыздайы*) еңбекке қабілетті жаста. Бұл ретте сол еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың ішінде 583,2 мың адам жалдамалы жұмыскерлер болса, 73,2 мыңнан астамы – өзін-өзі жұмыспен қамтушылар.

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша облыста міндетті зейнетақы жарналары бойынша (*МЗЖ*) 817,1 мың шот ашылған.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша ашылған шоттардың саны экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың санынан асып түседі. Өйткені, бұған өңірдегі еңбек миграциясының белсенділігі әсер етеді.

Зейнетақы жарналарының барлық түрі бойынша Қарағанды облысы тұрғындарының зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша шамамен 642 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақтардың сомасы 617,8 млрд теңгеден асады (*бұл жалпы республикалық көрсеткіштің 9 пайызы*).

Зейнетақы жарналарының тағы бір түрі – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары. Оларды жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен еңбек жағдайы зиянды және қауіпті болып саналатын жұмыспен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына аударады. Қарағанды облысы секілді өнеркәсіптік өңірде бұл жарналардың маңызы үлкен. Қазіргі таңда аталмыш өңірде 570 кәсіпорын мен ұйым өз жұмыскерлері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлейді. Мұндай шоттардың саны 84,2 мың бірлікті құрайды. Оларда күні бүгінге дейін 24 млрд. теңгеден астам қаржы жинақталған. Бұл көрсеткіштер бойынша аталмыш өңірдің үлесі жалпы республикалық көлемнің 20 пайызын құрайды.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысында БЖЗҚ-ның 18 бөлімшесі – облыстық филиал, бөлімше және дербес қызмет көрсету орталықтары жұмыс істейді. Оларда жыл басынан бері 266,7 мың операция жасалған.

Айта кетелік, республика бойынша Қордың 231 дербес қызмет көрсету орталықтары халыққа қызмет көрсетеді.

Кездесу қорытындысы бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен Қарағанды облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы келісімге сәйкес алдағы уақытта жергілікті тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру, зейнетақы жинақтарының негізі және салымшының құрметті демалысқа шыққан кездегі тіршілігін қамтамасыз ету көзі ретінде зейнетақы жарналарының тиімділігін дәріптеу бойынша бірлескен игі шараларды жүзеге асыру көзделеді.

Сонымен қатар БЖЗҚ Меморандумға сәйкес, әкімдіктің қолдауымен жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдарда облыс тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялайтын болады.

Осы күні «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының журналистерімен кездесіп, жергілікті телеарналарға сұхбат берді.

Одан басқа, Қарағанды облыстық филиалы және Теміртау қаласындағы дербес қызмет көрсету орталығының ұжымымен жұмыс отырысы өткізілді. Жиын барысында Қор бөлімшелерінің жай-күйі және оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz